



ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР



ЛИЧНОСТЬ И ВРЕМЯ

Нұрғиса ТІЛЕНДИЕВ

ЖАРҚЫН ШӘКЕРІМ
ДАРИҒА ТІЛЕНДІКЕЛІНІ

Нұрғиса
ТІЛЕНДИЕВ

(Ғұмырнамалық деректі хикаят)



УДК 821. 512. 122
ББК 84 Қаз 7-44
Т 93

*Кітап Алматы облысының әкімі
Серік Әбікенұлы ҮМБЕТОВТІҢ
қолдауымен жарық көріп отыр*

**Т 93 ШӘКЕРІМ Ж., ТІЛЕНДІКЕЛІНІ Д.
НҰРҒИСА ТІЛЕНДИЕВ:**

Ғұмырнамалық деректі хикаят. – Алматы: "Құс Жолы";
2010 – 192+24 фотосуретті жапсырма бет.


ISBN 978-601-7074-29-6

Қазақстанның, Кеңес Одағының халық артисі, Халық Қаһарманы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, атақты композитор, дирижер Нұрғиса Тілендиевтің үздік өнері халқымыздың жадында. Бұл кітапта ерекше дарын өмірінің адами қырлары әдемі көрсетілген.


**УДК 821. 512. 122
ББК 84 Қаз 7-44**

ISBN 978-601-7074-26-6

© Ж. Шәкерім, Д. Тілендікеліні, 2003
© ЖШС "Қазақстан" баспа үйі", 2003
© "Құс Жолы", 2010



**НҮР
ШАПАК**



БАСТАУ

Әлқисса!

Нұрғиса кірді түсіме. Алатаудың айбынды шыңының құзар биігіне шыққан екенбіз деймін. Төменде бауырлап бұлт қалықтайды. Ана-о-оу алыста, тым алыста сағымданған дала, бұлдыраған көкжиек елестейді.

— Мынау менің ұрпағымның жері, қазақтың ел-мекені, — дейді Нұрғиса ақ көйлек кейіпті қолымен жалпағынан жатқан ен даланы меңзеп.

— Әне, естимісің, Қорқыттың күңіренген қобыз күйін. Шексіз ғаламдағы дала тынысының сарыны бұл. Пенде баласы болған соң адам табиғат көрінісіне, тіршілігіне сүйсінбей тұра алмас. Тірлік бар жерде сүйіну де, күйіну де болатыны белгілі. Соны жұдырықтай жүрегіне сыйғызған адам баласының қанында алас ұрған толқындар жүрер. Қорқыттан жеткен мына көне күй соның бір көрінісі ғана. Адам — жоғары сана иесі болғанымен де, бұл дүниеде мәңгілік қала алмасы белгілі. Бірі кетеді, екіншісі келеді. Фәни дүниеде бақилықтың ізі бар. Соны көре білу, ести, тани білу — жер бетіндегі әрбір саналы жанның парызы болмақ керек. Жалпағынан жатқан мына сайын дала өткен оқиғалар мен талай арман-асулардың куәсі. Бұл — тарих. Қазақ үшін дала мен тарих егіз ұғым. Даланы білгің келсе, тарихқа үңіл, тарихты білгің келсе, далаға зер сал. Сонда бірін-бірі толықтырар. Қайран ата-баба жұрты — ақ толқынды Атырауым, ақ күмісті Алтайым, сар жайлаулы Арқа-Белім, жер жаннаты Жетісуым, еншілеген жерім едің, ай маңдайлы елім едің, жатырмысың тыныстап.

— Әне, естимісің, Құрманғазының күйі бебеулейді. Анау бір шеттен Тәттімбеттің тебіренісі жеткендей. Сайын дала мен асқар белдерде өткеннің елесі бар. Онда әрбір жер басқан

бақилықтың ізі қалған дейтінім сондықтан. Ол — тарих. Тарихты даладан іздегейсіндер дейтінім де сол.

— Ей, ұрпағым! Естимісің, өне, Ата толғауы толқиды. Бұл сарын не дейді? Ана әлдиі, сәби күлкісі. Ел шетіне жау тигендегі үрей, ел айырылғандағы күніреніс. Батырлардың жауды жеңуі мен тұлпарының тұяқ дүбірі. Ел бірлігі мен шатшадыман тірлігін айтады. Ғұн, сак, түрік, үйсін, қыпшақ, Алтын Ордадан жеткен ата-жұрт арманын айшықтайды. Санамдағы тебіреністерді абыз болып толғадым. Ұрпағым ұлтжанды болсын дегенім ғой. Қазағым — бойтұмарым, Елім — алпыс екі тамырлы өзегім, Отаным — жүрегім! — деп жүріндерші. Осыны жадында тұтып, санаңа сыйғызсаң етті. Дүние жалған, өтер, кетер.

*«Ақырын, ақырын аяңдап,
Алыстан кетті-ау құрғырлар», —*

деп Абай айтқандай, соңғы көштегі келер ұрпақ орнынды басар, сенен де халқың айта жүрер іс қалсын деп едім, — деп сөзін түйіндегені сол еді, шың-құзды бауырлап, жықпыл жартастан өрге өрмелеген жолбарыс көрінді.

— Тірлігімде Жамбыл атамнан маған ауысты делінетін жебеушім — жолбарыс көрінді көзіме, — деді Нұрғиса. — Мені атамның аруақ рухы желеп-жебейді. Сағынғаны ғой. Жетейін. Бала күнімде алдына алып еркелетуші еді. Сол әдеті атамның. Кең далаға сүйсініп жырақ кетсем керек. Киелі жолбарысты жіберіпті. Күй тартсын дей ме, әлде Қарасай, Сүйінбай, Наурызбай, Сарыбай бабаларыма құран бағыштасын деді ме екен. Жетейін.

Нұрғиса қол бұлғап, көзден ғайып болайын дегенде қайта бұрылып:

— Мені іздегендер күн-айым, сүйіктім Дариға мен қызым Дінзухраға барсын. Аманатым — халқым. Өмірімнің жалғасы — Дариғам мен Дінзухрам.

Нұрағамның ақ торғынды кейпі ақ бұлтқа айналғандай көзден ғайып болды. Енді бір сәт айбынды Алатау, ұлы дала Нұрғиса-а-а, Нұрғиса-а-а, деп дүние біткен теңселе жаңғырыққан екен деймін. Сол дауыстан селк етіп ояна келіп:

— Нұраға, Нұраға,— деп қол созыпшын. Көзімді қайта жұмдым.

Абыз бейнең — «Ата толғауында» қазағыңның тарихы мен тәуелсіздігі, елім деп соққан жүрегіңнің лүпілі — «Көш керуенінде» үн қатады. Халқыңның өткені мен бүгінгі тарихи шежіре болмысын, алғы бағыт-бағдарын халқыңа музыка тілімен жеткізіп, тарту етіпсің. Сен бізге сол үшін де қадірлісің, ғасырдың күй-атасы, Абыз-ата — Нұраға!

Осы оқиғадан кейін көп кешікпей Нұрғиса Тілендиевтің дүниеден озғанына төрт жыл толуына орай зайыбы Дариға Тілендікеліні қызы Дінзухрасын ертіп, Қазақстанның халық әртісі, әнші Майгүл Қазтұрғанова және тағы біраз адамдар Жамбыл бабасының қасында жатқан Нұрағанның басына барып, Алла разылығы үшін аға аруағына бағыштап құран оқып, оның өшпес рухына тәу етіп қайтқан едік.

Бұл сапар — қолға алар ісіміздің алғашқы бет пердесі-тін.

Сонымен әңгіме желісі өршіл мінез, асқар талант, халқы сүйген дара тұлға Нұрағанды сонау бір жалынды жылдарында келісті келбетімен, жәудіреген нәркес жанарымен, ойлы да салмақты сөзімен жүрегің жаулап, өзіне ғашық еткен Дариға қыздың, бүгінгі ақ жеңешеміз Дариға Тілендікелінінің өткен күнге жетелер ойы арқылы өрбиді.

Ендеше, тыңдаңыз, құрметті оқырман.

ТУМЫС

— Мен қазақ қызымын. Әрине, көптің бірімін. Пенде баласы болған соң, өмірге деген құштарлық, сүйіспеншілік, махаббат деген сезімдер менде де болды. Алла тағала бойға қуат, ойға сана берген соң өмірге талпынбай тұра алмассың. Есейдім. Бойжеттім. Тұрмысқа шықтым. Бала сүйдім. Ана болдым. Жаратқан ием гүлдей ғып қыз берді. Есімі — Дінзухра. Әкесі — Нұрғиса.

Өмір дегенің адам баласына бір-ақ рет берілетін сый. Басқан ізің қалар-қалмас, кейінгілер сені білер-білмес. Жалған дүние көзді ашып-жұмғанша өте шығар. Бірақ сол қысқа ғұмырда тек өзіңе ғана төн тағдырың қалар. Тағдырың — тірлігің. Туған еліңе көзің тірісінде қосқан үлесің.

Мен осы тағдырымда туған халқының сүйіспеншілігіне бөленген бір адамға демеу болдым. Өткінші өмірде осынымды

медет тұтамын. Ол кім десеніз, ол — Нұрғиса Тілендиев дер едім.

— Есімің кім еді, қалқа? — деді қиылып алғаш көргенде.

Әзілге салатын қатарлас құрбы-құрдас, бозбалалар болса, бір жөн ғой. Отты жанарын қадап төне түскенде, аптығып қалғаным соншалық:

— Д-Д-Дарига, — деппін дірілдеген дауысым үзілердей. Бірақ жолбарыстай қаһарлы көрінген адамымның жүзінен бір жылылықты байқағаным да рас. Сөйтсем, отты жанарымен жанап өткен махаббат ұшқыны екен Нұрғисаның. Иә, айбатты тұлғаның мөлдір бұлақ бастауындай таза да пәк сезімінің алғашқы белгісі еді бұл.

Әңгімені жерден жеті қоян тапқандай бірден махаббатқа тіреуіміз, әрине, әбестеу шығар. Әуелі бойыма сіңген ақыл-парасаты, даналығы, балалығы жайлы айтқаным жөн болар, — деп Дарига терең бір ойға түсіп, сабырлы қалыппен сөзін жалғады.

— Жадында жүрсін, жаным, — деп жылдар бойы құлағыма күйғанын айтсам, жасы құрғаған көзім жіпсір. Шерім тарқатылар.

Нұрғисаның бойында пенде баласында кездесе бермейтін бір, ерекшелік болды. Сөйлегені, күлгені, назаланғаны, қаһарланғаны, инабаттылығы, кішіпейілділігі, шабыттанғаны — оны алабөтен ерекшелендіріп тұратын. Даналық ойы мен балалық еркелігі қатарласа жүретін. Сөйтсем, тумысынан біткен қасиеті екен.

Тумысы қандай еді Нұрғисаның?! Ендігі әңгімеміз осы бағытта өрбісін.

* * *

Әлқисса!

Нұрғисаның күйі естілді. Мынау «Бостандық таңы» ғой. Қалай еді өлгі әуен-ырғағы — кеңдала көрінісі. Бейбіт жатқан ел. Тіршілік қарбаласы. Әуелеп ұшқан аққу-қаз. Мыңғырған мал. Еркелеген бала. Сәби шаттығы. Ана мейірі. Ел-жұрт қуанышы ғой — бұл әуен. Сол қуаныш көрінісінде «Мен, Нұрғиса, дүниеге келдім» дейді күйдің бастапқы ырғақтарында.

— Өмірге ұл келді! Алақай-алақай! Сүйінші-сүйінші! — дескен

куанышты дауыстар шығып, үлкен-кіші мәре-сәре болған бір сәт.

— Күй тындасам-ақ осы көріністер көз алдыма елестейді, — дейді Дариға. Толғанып шер тарқатсам, өткен шақ еске түсіп, өмірімнің қуанышты сәттері бойға күш құяды. Нұрғиса халқының өнерін айдай әлемге паш ете отырып, өз өмірін де музыка тілімен суреттеген ғой. Құлақ шымырлатар мына үн өзінің дүниеге келгені, — дейді Дариға күй ырғағына бой алдырып балқығандай. Осы тебіренісі алысқа, ақ бас тауларға, одан да асып көк жүзіне ой жүгірткізеді. Алыстап кеткен аққу құсын, аққу үнін күй күмбірінен тапқандай аққуба жүзіне қан жүгіріп, сүйсінген калып танытады. Көз алдына тағы да Нұрғиса елестейді.

«Туғанда дүние есігін ашады өлең,

Өлеңмен жер қойнына кірер денең», —

дегенде Абай атамыз жарық дүниеге інгәләп келген нәресте үні мен адам баласын ана дүниеге шығарып салардағы қоштасуды өуенге балаған ғой. Оған қоса өмірге сәби келгенде шілдехана жасап, өлең-жырмен қарсы алған халық, адам дүниеден өткенде де артынан жоқтау айтып қалатынын да меңзесе керек. Демек, баланың ыңылы да, жылау да, зар да — өуен-саз.

— Мен келдім жарық дүниеге, қонақпын, қарсы алындар! Ал, қашан кетерім бір Алланың қолында, — дегендей естіледі нәресте үні. Бұл жолғы дауыс тым ащы, жаңғырыға естілді.

— Ау, мына дауыс әншіге лайық екен, — десті қуанғандардың бірі.

— Жоқ, бұл жауынгер болады, елін жаудан қорғайды, — дейді екінші бірі қатты шыққан дауысты тегеурінділікке балап.

— Есімін ақынға немесе батырға аттас қоятын-ақ бала екен, — десті енді бірі.

Бұл хабарды естіген қатарлас көрші үйдегі қария да қуанышқа ортақтаспақ ниетпен аяндап келіп:

— Қарақтарым, “Ұл келсе — елдің құты, қыз келсе — үйдің құты” деген. Салиха ұл тапқан екен, бұл шаңыраққа Алланың рақымы түссін деп тілейік. Бабалары — Қарасай мен Наурызбайдай батыр болсын, Сүйінбай мен Жамбылдай ақын болсын, Сарыбайдай данагөй болсын, халқының сүйген ұлы болсын, бауы берік болсын! Әумин! — деп батасын береді.

Куанышқа ортақтаса келген көрші-қолан, ағайын-туыстың бәрі де босанып жатқан Салиханың мерейін өсіргенімен, ішіне бүккен екі бірдей сыры бар еді. Оның бірі күйеуі Тілендінің осыдан екі күн бұрын: “Салиха, сен міндетті түрде қыз табасың. Оған Алланың нұры құйылсын деп есімін Нұрғиса қоямын”, — дегені еді. Жана туған нәрестенің алдында Баймолда, Қаймолда деген екі ұлы жүрген соң, енді қайтсін, қыз бала дәмекені де.

Екіншісі — қара шаңырақ киіз үйді көктемгі көш, жазғы қоныс жайлауға барар жолда аяғы ауыр тартып, босануға тақаған сәтінде қиналмасын деп Суықтөбедегі қараша ауыл басына тігіп беріп, өзі мал айдап алға озып кеткен. Оған Салиха шыдасын ба. Үйде отыруға тағат таппай, не де болса Тілендінің жанына барайын, қиналғандай жайы болса қасында жүріп қолқанаты болайын деген оймен жайлауға кеткен ерінің соңынан атқа отырған ғой.

Ауылдан алты шақырым ұзаған соң Шолақ Қарғалының аяғына жетіп, енді жалғызаяқ жолға түсіп бөктерлейін дегенде толғақ қыспасы бар ма. “Мынауың қайтеді-ей”, — деп аса мән бермей, жәй өткіншіге жорыған әуелгіде. Ол ойлағаны болмай, шындап қысты толғақ. Енді не істей қойсын. Әудем жерде көрінген жұртта қалған иесіз шошаланың көлеңкесіне жетіп, аттан түсіп, шылбырды іле сала, босануға ынғайланды. «Айдалада жападан-жалғыз қалдым-ау», — деп ойлауға да мұрша жоқ. Толғақтың соңы қиналысқа айналды. «Жарық дүниеге тап осы кең дала төсінде шығамын» дегендей нәресте де құрсақ тепкілеуін қояр емес.

Астапыралла, Астапыралла, деп екі қолымен ішін нықтай уыстап қысып, итере сипай өзіне-өзі көмектесуге ғана күш-дәрмені жетті Салиханың.

«Жаным-ау, балам-ау» дегенде аузынан жалын атып, ышқына айқайлап жіберген. Бір кезде тұла бойы жеңіл тартып, аспанда қалықтағандай әсерге бөленді. Жер аспанға ауысып, аспан жерге төңкерілгендей көзі қарауытып бара жатты. Жанарының ұшына Алатаудың ақ бас шындарының арасынан ақ сәлделі, ақ киімді, қолында таяғы бар қария ілінді. Өне, ол бірте-бірте жақындап келеді. Жанына тақап келіп, маңдайына қолын басты. «Тірі екен. Талықсып кетіпті. Бәрі, бәрі жақсы болады», — дейді қария. Қарияның езу тарта жымыған сұлбасы

көрінді де, қайта ұзап кетті. Құлағына шырқырап жылаған нәресте үні естілді. Осының бәрін Салиха тілі байланған, сұлық жатқан қалпында түйсігімен сезген еді.

Жақсылық келді дегенше,

Жарық келді десейші.

Жақсылықтың уығын

Алып келді десейші, —

дегендей, Алланың рахымы тиіп, өзі жақсы адамға Күн нұршапағын төгіп, Жер-Ана да нәр беріп, табиғат тірлігіне енгізгендей Салихаға дем беріп, есіне келтірді. Нәрестенің жылағандауысын құлағы шалып көзін ашса, баласы кимешегіне оралған қалпы кеудесінде жатыр.

— Балам-ау, күнім-ау, — деп аянышпен құшағына қысты. Нәрестенің кесілген кіндігі аттың қылымен байланыпты.

Қол созым жерде баланың жолдасы және шыны сынықтары көрінеді. Баланың кіндігін шамасы шыны сынығымен кескен болуы керек деп ойлады Салиха. Елес боп көрінген қария кім екен? Есіне ештеңе түсіре алмай, «Бұл не болған күйім еді?» деп орнынан тұрып, баласын кеудесіне қымтай қысқан Салиха бір қолымен баланың жолдасын шөппен жауып, аман-есен жаны қалғандарына шүкіршілік ете жігерленіп атқа отырған.

Жол-жөнекей жолғыып: “Ойбай-ау, ат үстінде босанғаннан саумысың?” — деп хал-жайын сұрап, баласына бауы берік болсын айтқандарға:

— Алланың бұйырған жерінде босандым-дағы, — деп жауап беріп, кең сарайдай боз үйіне, жылы орнына жеткен соң, баланың кіндігін жаңадан жіппен байлап, жайғасқаны осы. Босанған сәтін көз алдынан тағы бір өткізіп, есеңгірегендегі елесті іздейді Салиха. Алатау көрінді, одан қария көрінді. Қасына келді.

— Өңім бе, түсім бе? Әлде балам екеуімізді ажалдан арашалаған Қыдыр ата ма? — деп қиналған кездегі жан сезімін түсіне алмай-ақ қойды.

Міне, Салиханың ішіне сыймай бара жатқан, аңызға бергісіз өңгімесі осы еді. Тіленді бұл хабарды естісе, алды-артына карамай жетер еді.

Қуанышына ортақтасуға жиналғандарға мейірлене жымыып:

— Балам аман болсын. Өскенде кім болары бір Алланың қолында ғой. Аналық жүрегіммен сезінерім — өзіме тартқан өнші, әкесіне тартқан сұрмерген аңшы, әрі бармағынан бал тамған домбырашы болатыны анық. Ал, есімін “Алланың нұры құйылып, өзі де нұрланып жүретін қыз болсын” деп үміттенген күйеуім Тілендінің өзі шешсін, — деді қуанышын да, ішкі толғанысын да жасырмай. Туғаны қыз болмай, ұл болып шыққан соң нәрестеге есімді бабаларындай найзалы батырдан немесе арқалы ақыннан қоярмыз десіп гулескендер көбейе түсті.

Ауыл шетінен бірнеше аттылының дүбірі естіліп, артынша өзі жол бастап, біраз адам қостап, қуанышы қойнына сыймай келе жатқан отағасы — Тілендінің де қарасы көрінді. Тіленді атынан түсер-түспестен бауы берік болсын айтып қаумалағандарға “Тоқтандар!” деп түсін суыта басу айтты.

— Мен сенбеймін. Ол — қыз. Өз көзіммен көруім керек. Нұр құятын қызым менің, Нұрқұйсам, — деп әлі де үміті үзілмей, «қуанғаны қайсы, ашуы қайсы» деп түсінбей қалған көпшілікті бөле-жара қырып-жоятындай аптығып-ақ кірген еді, жартылай ашылған киіз үй түндігінен биік тау жоталарын жиектей өпкен күн нұрының сәулесі сызаттанып Салиха мен жөргектегі нәрестеге түскен екен.

— Мынау Күннің нұры ғой, — деп бір орнында аңырып тұрып қалды.

Тілендінің келімді-кетімді достары көп, өзі де ойын-сауық, той-думанның көркі еді. Атағы алты Алашқа мәлім Жамбыл ақынның өзі: “Ізімді басқан сүйектес інім” деп араласып, ат ізін салып жүреді. Мына Салиханы осы үйге келін ғып түсіргендегі қайынағасы Кенен ақын ше:

— Қатын алсаң, өзің үшін, қарағым. Ұрпақ жалғастырам деген боларсың. Ол өзіңе сын. Қарындасымызды берсек, Алла жолымен қанат қағуға жараған соң, қияға қонсын деп отырмыз. Адам болу да, жаман болу да өз ақылдарыңа байланысты. Бармақтай бақ Алладан, қалғаны өздеріңнен, — демеп пе еді Кенекен.

Мынау тап сол ақбоз үй. Небір шашасына шаң жұкпаған күміс көмей ақындар мен бұлбұл көмей өншілердің, талай күйшілердің өнеріне куә болған тап сол шаңырақ. Осы қарекет,

осы жетістік Тілендінің өз басының, әсіресе біреудің ала жібін аттамайтын адалдығының, еңбекқор еті тірлігінің, жаны жайсаң адамгершілігінің, жан сүйсінтер азаматтығының, тату-тәтті туысқаншылдығының арқасы. Оның үстіне тындағанды тамсандырар күйшілігі, қарағанды тандандырар аңшылығы, он саусағынан өнері тамған тігіншілігі, айтар сөздің майын тамызар шешендігі тәрізді сегіз қырлы өнерпаздығы тағы бар. Әсіресе, басқа домбырашылармен күй қағыстыратын, ауыл-ауылды аралап күй тартатын өнеріне қарап оны Атабайдың Тіленді серісі деп те атайтындар табылады.

Ал, Салиха ше? «Әттең, балаларды жеткізу, адам ету қамындағы күнделікті күйбең тіршілік қамы болмаса, Салиханың әншілігі, әсем дауысы алысқа жетер еді» деседі оның әніне тамсанған жұртшылық. Оған өнер Кенен ағасынан жүкқан. Ойын-сауық, той-томалаққа әуестігі арқасында қаршадайынан танылып, тындаған жанның құлақ құрышын қандырушы еді. Жетісу әуендері былай тұрсын, гармонь тартып, оған қосылып неше құбылған әндерді шырқаған Салиха да ортасының сүйіктісі болған.

Қысқасы, Тіленді мен Салиха ауыл-аймағы еркелеткен, аталы да баталы ұрпақ қасиетін берік ұстанған шаңырақ ретінде осы өңірге белгілі әрі сыйлы отбасы еді. Енді міне, Алланың рахымы түсіп, бұл шаңыраққа тағы бір қуанышты нәсіп етті. Дүниеге ұл келді. Екі ұлдан кейін үшіншісі қыз болса деп үміттенгенімен, Тіленді тағы да ұлды болды.

Тіленді табалдырықты аттай, әлденеге танданғандай аңтарылған қалпы тұрып қалды. Іргесіне кілем ілінген қошқар мүйіз текемет үстіндегі өз қолымен жасаған ағаш төсекке қалындап салынған мамық көрпеді Салихасы құндақтаулы нәрестені әкесіне көрсетпекке дайындалғандай, кеудесіне қойған қалпы күлімсіреп жатыр екен. Үй-іші мұнтаздай. Жас босанған келіншек пен нәресте жатқан тұсқа үлбіреген ақ торғын шымылдық тұтылыпты. Ашық түндіктен ескен самалдың әсерінен ақ торғын жәймен ғана тербетіліп тұр. Осы көріністер күнделікті көзілікті болғанымен, Тілендіге бұл жолы өзгеше әсер еткендей. Бойын қуаныш кернеп, көңілін белгісіз күй тербеді. Салиха шымылдықты жәйімен ысырып, баланы әкесіне ұсына берді. Осыны күтіп тұрғандай-ақ, Тіленді де:

— Әкел, әкел бері, көрейін, — деп оқыс қимылымен нәрестені қолына алды. Салиханың далада босанып қалғанын естігенде:

— Оқасы жоқ. Далада туса — көңілі даладай кең болады, — деді де шарананы құшырлана иіскеп, орауын жазды.

— Өй, мынауыңның тікireйген шөнәйі бар ғой. Ұл екен. Ұлым менің, — деп іргеде ілулі тұрған домбырасын алып, нәрестені оның шанағына жатқызған қалпы қаумалап тұрғандарды бұза-жара тысқа беттеді. Домбыра мен нәрестені басынан асыра жоғары көтерген күйі айбарлы Алатауға қарап:

— Қыз дегенім — құр болды

Балам менің ұл болды,

Алланың сыйы, қайтейін,

Кеудеме менің нұр толды, —

деді толқып. — Ей, Алатау! Балам сен сияқты асқақ та айбынды болсын. Жиектей созылған сәуледен балама нұр түсті. Осы нұрың таймасын. Күні — нұрлы, көңілі — жырлы болғай. Балам нұрланып жүрсін. Қыз есімі дей көрме. Қыз бала сағынған үмітім ғана. Айтқанымнан қайтпан. Есімін тумай жатып Нұр құйса екен деп тілеп едім, енді міне Нұрғиса қойдым. Айтқанымнан қайтпан. Нұр түссін, нұр төгілсін, нұр құйылсын! Балам — Нұрғиса.

Тік мінезді Тілендінің осы жан толқытар әрекетіне жиналғандар келіскендей иек изесіп жатты. Жана туған нәрестеге ат қоюдың соңы шілдеханаға ұласты.

«Әлгі, күйші Тілендінің келіншегі тағы бір ұл тауыпты. Есімін Алланың нұры құйылсын деп Нұрғиса қойыпты» деген хабар ауыл-ауылға тарап, Жамбыл ақынның құлағына да шалынды. Бұл жаңалықты естіген Кенен де: «Салихамыз босанған екен ғой, бауы берік болсын», — десті.

Тіленді мен Салиханың қуанышы — тумысындағы тектілік пен тегеурінділіктің ізіндей, қайыспас қайсарлық пен даналықтың белгісіндей, құт дарыған ата жолының заңды жалғасындай еді. Сол дәстүр жалғасы «Батаменен ер көгерер» дегендей, ұзағынан сүйіндіріп, нәрестелері «жарық дүние» деген кең сарайдың есігін еркінсі ашып еді. Енді міне, алғаш рет езу тартып, қолын созып, уілдеп дыбыстайтынды шығарды.

«Музыкасыз өмір — тұл» демекші, нәресте былдыры, сәби үні — осының өзі ерекше бір нәзік әуен. Нұрғиса әуені. Басында айтқанымыздай, Дариғаның құлағында да осы әуен ыңылдайды. Ол бірте-бірте күй сарынына айналады. Ол — Нұрғиса күйі. Осы күй шерін тарқатады.

— Айтқаным жақсы болды-ау, — деді Дариға жүзіне қан жүгіріп, алма беті толықси өткенді еске түсіргеніне риза болған кейіппен. Қайта айналып келмес өмір қызығының елесі, сыңарын іздеген жалғыз аққудың зар үні, ой толғауы мен сағынышы еді бұл.

Су түбінде жатқан тас

Жел толқытса шығады.

Ой түбінде жатқан сөз

Шер толқытса шығады, —

дегендей, Дариға толықсыған айдай құлпыра түсті.

— Музыка дегенің бойды балқытатын әуезді үн ғой, — деді сол бой жазып алған соң өңгімесін сабақтап.

Құлақтан кіріп, бойды алар

Әсем ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең, менше сүй,—

деп ұлы Абай тегін айтпаса керек. Менің бар болмысыма, тірлігіме әсереткен Нұрғисаның күйі. Жер бетіндегі қыбырлаған тірлік иесі өзінің азаттығын аңсайтыны тәрізді Нұрғиса да адам жанының, ата-бабаларымыз аңсаған терең тарих тамырынан бастау алатын қазақ еркіндігін, ел тәуелсіздігін о бастан-ақ арман етті.

Тәуелсіздік дегеніміз — еркін ел бейнесі. Ата мен немере, ана мен бала қуанышы. Міне, «Бостандық таңы» күй-толғауының ырғағы домбырашылар бастап, қобызшылар қостап, сыбызғышылар жалғап, бүкіл оркестр — сүйікті елім, кең байтақ жерім дегендей, еркін ел көрінісін жүрекке жайлы, құлаққа жұмсақ қазақы әуенмен суреттей бастады. Жылқылы ауыл. Ат дүбірі, асауға құрық салған жылқышы жігіт, қыз шолпысының сыңғыры, сәби күлкісі көз алдына келеді. «Әне, тай-құлындай тебіскен көп балалардың ішіндегі сары шақасы — менмін» дейді Нұрғиса жазып қалдырған ля мен до

ноталары аралығындағы күй ырғағы. Ырғақ дегенің — әуен ғой. Әуеніңіз — музыка. Музыка — сөзсіз сезім. Музыка — көзбен, қабақпен белгі береді, бой балқытады, ой толқытады. Нота белгілері сөйлейді. Соны жазған Нұрғисаның қолы, сезімтал жүрегі. Сол сәттегі сезім арпалысы. Нота үлгісіне түсірген мәңгілік мұрасы. Нұрғиса күй толғайды. Дариға сөйлейді.

БАЛ БАРМАҚТЫ БАЛАУСА

Еңбектегеннен ес білгенге дейін Нұрғисаға — балауса бұлдіршінге тән бірнеше қасиеттер қоныпты. Еңбектеп барып төрде ілулі тұрған домбыраның астына отырып алып «әй-е, әй-е» деп қолын созады екен. Осынысына қарап Тіленді: «ұлым, сірә, домбырашы болар-ау» деп ойлайтын. Екінші ермегі — жозыға дейін еңбектеп барып, ернеуінен ұстап көтеріліп ап, екі қолымен дастарқанды соққылап, үстелді жиектей «әй-е, әй-е» деп дамылсыз айнала береді екен. Бұл қылығына шешесі: «біздің Нұрғиса желаяқ болмаса неғылсын» деп жақсылыққа жорушы еді. Тағы бір қасиеті — шеге жинайтын өнері. Көзіне түскен шегеге қолын созады. Дереву алып бере қоймаса, «әй-ә, әй-е» деп жылайды. Жинаған шегелерін бір бұрышқа апарып үйеді де, қолымен сипап қызықтайды дейсің. Көзіне ілінген шегені көрсетіп жылай бастаса-ақ Тіленді тап сол шегені қабырғадан суырып, дереву қолына ұстата қоймаса, баланың дауысы одан сайын өрши түседі. Әкесі Тіленді үйдегі қабырғаға қағылған шеге біткенді түгел суырыпты.

Екі ағасы — Баймолда мен Қаймолда да інілерінің шегеге әуестігін өздерінше жорып: «ініміз ағаш шебері, бәлкім зергер болар» десіп қояды. Не керек, Нұрғиса еңбектегелі бері тынымсыз. Ұйқыдан көзін ашып тұрысымен, үйдегілердің мазасын да алып бітеді, күлкіге де қарық қылады. Кейде Салиха жүн түтіп, жіп иіріп немесе әлдебір жұмыстармен айналысып, тыста сәл бөгеліп қалса, Нұрғиса есікті өзі итеріп ашып, еңбектеген қалпы қазан-ошақ жанына жетіп, үйілген тезек үстіне шығып, домбыра тартқан болып, «әй-е, әй-елеп» отырып, ұйықтап та қалады. Мұндай жағдай бірнеше рет қайталанған соң, шешесі

балам бір жаққа ұзап кетер деп қауіптеніп, беліне арқан да байлап көріпті. «Күн көзіне ұмтылғаны да» деп онысын тағы жақсылыққа жориды.

Нұрғисаны тыныштандырудың бір ғана амалы – шешесінің жерден көтеріп, қолына алуы. Алдына алып аялағанда, ыңылдап тербеткенде ана әлдиіне елтіп, кіп-кішкене қолдарымен шешесінің бетін шапақтайды.

*Домбыра тастамаймын қайда барсам,
Жаныма жан жолдасым байлап алсам.
Тізгінсіз ат мінгендей көрінемін,
Жараспас домбырасыз әнге салсам.
Ән салсам, үнің бірдей үнімменен,
Сайрайды тілің бірдей тілімменен.
Қолыма он жасымда домбыра алып,
Келемін бірге жасап елімменен.*

Салиха да баласын әлдилеген боп отырып, бой жетіп, етек-жеңін жапқан жері – Сұлутөр мен Мәтібұлақтағы ойын-сауықтарда шырқаған талай әндерін есіне түсіреді. Құлағына келген ән өуені мен ана әлдиі тынымсыз жүгірмекті сабасына түсіріп, біраздан соң-ақ маужырай балбыратып, төтті ұйқыға батыратын-ды. Екі қолын екі жаққа керіп алаңсыз пысылдаған Нұрғисаны анасы кеудесіне қыса түсіп, емірене иіскеп-иіскеп алды да:

– Ботақаным, менің. Ыңылдап айтқаным Кенен ағамның өні ғой, бойыңа дарысын, құлыным менің, — деп баласының құлағына сыбырлай жүріп орнына жатқызады.

Ұйқысынан оянса-ақ болды, Нұрғиса күндегі әдетінше тағы да өз «әйе-әйесіне» басады. Онысын әндеткендей созып айтатынын қайтерсің. «Әй-е» дегені — әкесі Тіленді. «Нұрым ғой, күнім ғой, менің» деп жиі-жиі қолына алып, бетіне бетін тақап айта берген соң, әкесінің бет-бейнесі сәбидің жанарында жатталып қалған. Әкесін көрсе болды, «әй-е» дейді. Сол былдырлаған сөзі жадында сақталып, есі кірген сайын онысын үдетпесе, азайтпапты. Шешесіне де, ағалары – Баймолда мен Қаймолдаға да қарап «әй-е» дей береді екен. Сөйтіп жүріп әкесінің шоқ қоздырған көрігін де, ағаш жонып, домбыра жасағанын да, қайыстан қамшы өріп, өмілдірік пен құйысқан жасағанын да, күмістен кездік сабы мен сақина-білезіктер

жасаған зергерлігін де, ағаларының асық атып, шөп тасығанын да көрді.

Тұсауы кесіліп, аяғы шыққанда жөне бір әдет тапты. Өз аяғымен есік алдына шығып, айналаға бойы үйренгелі қурай, шыбық жинайтын болды. Онысын қолына алып көзіне көрінген заттың бәрін соққылайды. Арбаның дөңгелегін де, атағашты да, жерде жатқан тасты да соққылайды. Әсіресе, бос тұрған қазан, шелек секілді ыдыстарға өш. Ұрғылаған заттарынан қаңғыр-күңгір, даңғыр-дүңғыр дыбыс шықса мәз болады. Зат біткенді соққылап, тоқылдата берген соң әкесі:

*Тоқылдатқан балам-ай,
Дыбысқа құлақ салады-ай.
Икемделіп қолы да
Ұстауға шыбық жарады-ай.
Шыбық ұстап балақай
Қазанға тақап барады-ай,
Күңгірлетіп қазанды
Тоқылдатып алады-ай
Тоқ-тоқ – Тұқатай
Тоқылдатып тынады-ай, –*

деп еркелетеді. Содан бастап үйдегілер баланың әкесін көргенде айта беретін «әй-е» сөзін Тілендіге таңып, әкесінің ұлын еркелеткенде айтатын сөзін Нұрғисаға теліп Тоқ-Тұқатай дейтін болды.

Тілі шығып, өз бетімен жүруге жараған соң Нұрғиса өзін тіпті мықтымын деп есептейтін болды. «Міне, мен қандай күштімін» деп екі жұдырығын қалқайған құлағына таман апарып, білегінің бұлшық еттерін бұлтындатып қояды. Неге жармасамын, нені ұстаймын, қайда домалаймын демейді. Не істесе де өз еркі.

Бала боп әлденеге жылап немесе керісінше қуанған сәттерінде «бұл – менмін» дегендей дауысын қатты шығарып, ішкі сезімін анық аңғартатын-ды. Кейде есік алдына қаздыып тұра қалып, маңғаздана алысқа, биік тау шоқыларына, жасыл желек жамылған сар далаға ынтыға ұзақ қараушы еді. Мұндай сәттерде Тілендінің Көктүйғын деген тазысы күйірігін бұлғандатып, баланың қасына келіп, «кел, ойнайық» дегендей, екі аяғын алға созып, азуын кере тісін

ақситады. Тазыға да, кішкентай Нұрғисаға да бой үйретіп алған қызыл қораз бен тауықтар да аяқтарын байқап басып, жерден тапқан несібелерін шоқи жүріп, баланың жанына үйіріледі. Анадай жерде енесімен жүрген қоңыр бұзау бұлар жаққа үлкен қара көздерін төнкере тастап, бейкам тұр. Адам мен жан-жануарлар арасындағы осынау ынтымаққа ала мысық қана өш. Көктұйғынды көрсе алды-артына қарамай безіп ала жөнеледі. Ал, тазы бұл манда болмаса, тауықтарға қырғидай тиіп, берекесін алады. «Мұнысы несі, бұлай бола ма екен?» деп өзінен-өзі тандана сұрайды Нұрғиса. Енді ғана көзін ашып, өмірге жаңа қадам басқалы тұрған бүлдіршінге бәрі жұмбақ еді. «Тау неге биік, шөп неге жасыл, сиыр неге үлкен, қозы жылай ма?» деген сықылды сұрақтарды жаудыратын. Көзіне көрінгеннің бәрін білуге деген өуестігі Нұрғисаны одан сайын қылықты ете түсетін. Үйдегі төтті-дәмдінің бәрі соның алдына қойылады. Осы үйдің қызығы да, базары да — Нұрғиса.

ӘКЕДЕН ШАРАПАТ

Тілендінің жал-құйрығы төгілген ала байталы болушы еді. Бала Нұрғиса қасына кеп қызықтай қараса, жарықтық жануар басын иіп, мойнын созады.

Бір күні жер көрсін деген оймен Тіленді ала байталын ерттеп, қос ауыз мылтығы мен көн тері қапты домбырасын иығына асынып, оқшантайын беліне байлап, азық салған дорбаны ердің қасына ілді де, Нұрғисаны алдына алып жүріп кетті. Баласының атқа отырғанына мәз болған Салиха қол бұлғап қала берді.

Тіленді аттың басын Алатау бөктеріндегі Үшқоңыр жайлауының Атабай сайына қарай бұрды. Біраз жүрген соң ойға түсіп, күркіреген өзеннен өтті. Қарсы беттегі сүрлеу жолмен қиялап отырып, дөңнен де асты. Ойлы-қырлы жерлерге келгенде ала байталдың тізгінін тарта, жүрісін сәл баяулатып қояды. Ал, жазық жерге келгенде жұмсақ желіске көшеді. Жол жүрсе соңынан қалмайтын Көктұйғын бүгін де ілесіп алған-ды.

Көктұйғынның аңшылығының өзі бір әңгіме. Түлкіні көзі шалса-ақ болды, жанары от шашып, мойнын алға соза садақ

оғындай зымырайды дейсің бір. Түлкі байғұс қанша айлакер болғанымен Көктұйғынның қарымынан қашып құтыла алмайды. Тазы алған талай қыр қызылынан қаншама тымак пен ішік тігілді. Бірнешеуі кейбір көңілжықпас ағайындардың төрінде ілулі тұр.

Жаз айларында Көктұйғын көбіне суыр андиды. Ал, суырын түлкіден өткен қу. Иісті алыстан сезетіндіктен қауіп төнген сәтте шақ-шақ етіп бір-біріне белгі береді де, зып етіп ініне кіріп кетеді. Содан бөтен иіс кеткенше інінен шықпай жатып алады.

Суырды анадайдан көзі шалған Көктұйғын іннің қасына жетіп келгенімен, ауа қармап қалады. Іннің аузын тырмалап, тұмсығын тыға иіскелейді. Онысынан түк шықпасын сезген соң, иесінен біресе озып, біресе кейін қалады.

Осының бәрі үйден алғаш рет ұзап шыққан Нұрғиса үшін қызық. Әкесінің алдында отырып «шү-у» деп тебініп ат айдаған болады. Біресе алды-артын орағыта шапқылап жүрген Көктұйғынға, біресе аттың қайшылаған құлағына, алыстан көрінген тау шыңына қарап, көңілі өсіп-ақ келеді. Әкесі болса астындағы ала байталдың сауырын тобылғы сап қамшысымен жанай сипап, әлдебір әуенді ыңылдай айтып келеді.

...Тоқсанға келген жасым бар,

Көпті көрген басым бар.

Аман жеттім бұл күнге

Ойды-қырды аралап,

Жалғыз атты сабалап,

Серік болдым өмірге,

Домбырамды өңгеріп,

Өзіме-өзім дем беріп

Жұбаныш қып көңілге

Осынша жасқа келгенде, —

деп Тіленді Жамбыл атасының өлеңін тап өзіне арналғандай бір терең сезіммен аттың жүріс ырғағына салып, қоңыр дауысымен әндетіп келеді. Осы сәт сол жақтағы жартастың етегіндегі қалыңнан шыққан оқыс дауыстан Нұрғиса селк ете мойнын бұғып, әкесінің іші-бауырына кірердей тығыла түсті. Көктұйғын дыбыс шыққан жаққа қарап, тістерін ақсита өршелене үрді. Тіксініп қалған ала байтал да қос құлағын қайшылай оскырынып тұр.

– Әй-е, әй-е, өне бір нәрсе қараяды. Аю шығар, атшы, — деді Нұрғиса дауысы құмыға шығып.

– Қорықпа, балам,— деп әкесі баласының қорқынышын сейілткісі кеп бауырына қыса түсті. — Аю биікте болады. Бұл мүмкін қабан, болмаса осы манда жайылып жүрген сиырлар шығар. Өне, айттым ғой, өздері де көрінді. Бұл жарықтықтар жайылып жүргенде ауыр денесімен айналасын жайпап, ағаш бұтақтарын сындыра жүреді. Әлгіндегі дыбыс та сол. Шүйгін шөпке көп жайылған сиыр малының сүті құнарлы болады.

Өзіне-өзі келген Нұрғиса енді басқаша сұрақ қойды.

– Әйе, бақа неге бақылдайды?

– Балам, есінде болсын, жер бетіндегі тіршілік иесінің бөрінің де өзіне тән дыбысы болады. Мысалы, жылқы кісінейді, сиыр мөңірейді, қой маңырайды. Сол секілді бақалар да бақ-бақ етіп өздерінше дыбыс шығарады. Алланың жаратуы солай. Ол — тіршілік заңы. Кешқұрым осы жерден өткен адам бақалардың ән салғанын жиі естиді. Бақа ауаны иек астындағы желбезек қапшыққа толтыра жұтады да, оны ішінен үрлеп шығарады. Сонда әр бақаның өз әуені естіледі. Бірінен бірі асып әндетеді. Өне, естідің бе? Шыр-шыр еткен шегірткенің де, тіпті ызындаған масаның да өзіне тән әуені бар.

Әкесінің әңгімесі Нұрғисаны қатты қызықтырса керек, бар ықыласымен ынтыға тындап келеді.

Ал, құстар ше?

– Құстардікі тіпті ерекше. Күзде жылы жаққа қайтқанда құс біткеннің бөрі қиқулап қоштасу әніне салады. Аққу да, тырна да ұя салып, балапан шығарған жерлерімен қимай қоштасады. Ал, көктемде сағынышқа толы әуенмен келеді. Құстардың ішіндегі керемет әншісі — бұлбұл.

– Әйе, сонда бөрі де ән сала ма?

– Әрине, балам. Тек соны зейін қоя тындай білу керек. Күн екіндіге еңкейген сәтте әкелі-балалы жолаушылар Қарауылтөбенің тұсына жетіп, сәл тынығып алу үшін аттан түсті. Дорбадағы ас-суларын ішіп біраз әлденген соң, Тіленді орнынан тұрып беткейге таман сәл жүріп барды да:

– Балам, мұнда, менің қасыма келші, — деп төменде тұрған Нұрғисаны жанына шақырды. Қолымен етектегі көз жетер жерді алып жатқан қара жонды нұсқап:

— Мына жатқан еліміздің даласы. Бұл өңір біздің, яғни сенің ата-бабаң мекен еткен жер. Қарашы, қандай ғажап сұлулық!

Тіленді алысқа көз салып, біраз тұрды да, сөзін жалғастыра түсті.

— Анау қарауытып көрінген — Ұзынағаш. Сүйінбайды өзіне пір тұтқан ақын Жамбыл атаңның қонысы.

Көзіңді салшы далама,

Түкті кілем түгіндей.

Тауыма сұлу қарашы,

Қыздардың жиган жүгіндей,

Өзеніме қарашы

Ағып жатқан гүрілдей.

Ауылыма қарашы

Қырдың қызыл гүліндей.

Ән-күйімді тыңдашы

Батырлықтың үніндей, —

дегенде Жамбыл атаң дәл осы өңірге, атамекеніне сүйініп айтқан. Одан берірек сенің атаңның қонысы болған Атабай сайы, сонан соң Қарақастек, мына тұста Шамалған жатыр. Осы жердің бәрі де Шапырашты деген атамыздан тараған ұрпақтың қонысы. Манадан бері әкесінің айтқандарын үнсіз тындап тұрған Нұрғиса осы кезде таңданған кейіппен:

— Әйе, атамның аты — Атабай еді ғой. Шапырашты сонда қай ата?

— Әй, кішкентай ғана құлыным-ай. Сұрақ қойған түріннен айналдым сол. Ендеше тыңда. Қазірден бастап қалқан құлағыңа құйып ал, Тұқатайым, — деп Тіленді әңгімесін баппен бастады.

— Елді аузына қаратқан Қарасай, Наурызбай деген аты аңызға айналған батырлар мен сөз сұңғыласы Сүйінбай ақын және Сарыбай би тәрізді, айта берсең таусылмайтын көптеген данагөй бабаларың болған. Өзіңе баталы ақтілеу тілеп жүрген ақын Жамбыл атаң да, менің әкем Атабай да, балаларым Баймолда мен Қаймолда және кенжем сен де, бәріміз де сол ұрпақтан боламыз. Осылардың бәрі де сонау заманда өмір сүрген қасиетті де батыр Бәйдібек деген бабаңның екінші әйелі Зеріптен туған Жәлменбет деген ұлынан тарайды. Ал, Шапырашты деген кісі сол Жәлменбеттің баласы,

яғни Бәйдібектің немересі. Біз сол Шапырашты ұрпағынан тараймыз,— деп Тіленді баласына құдды бір ересек адамға айтқандай тәптіштеп тұрып түсіндіріп жатыр.

Ата-баба рухын бала санасына құю көптен бері ойында жүрген іс еді. Кішкентайының зеректігін өуелден-ақ аңғарған әке бала алдындағы борышын өтей алмай қалам ба дегендей толқып жүруші еді. Соның сөті бүгін түскендей, табиғат аясында, оңашада ішіндегі аманаттай сақтағанын ақтара айтып, ұзағынан көсілді-ай дейсің бір.

— Тұкатайым, менің. Айтқандарымды құлағыңа құйдың ба?

— Иә, әйе. Міне өзің қараны, — деп саусақтарын көрсетіп санай бастады. — Бірінші — Атабай, екінші — Шапырашты, үшінші — Жамбыл, төртінші — Сүйінбай, бесінші — Қарасай, алтыншы — Наурызбай, — деп кібірткітеп әкесіне қарады. Содан соң балалық қылықпен қуақылана күліп:

— Қалғанын сонан соң жаттай жатамын ғой,— деді. Қаршадай Нұрғисаның балдай тілімен есіне сақтап, аралас-құралас жауап бергеніне қанағаттанған кейіппен:

— Аталарыңның есімдерін ғана емес, артында қалған өсиет-өнегесін де ұғып, батырлығы мен даналығын паш етсең, жерде қалмасың, балам, — деп сөзін қайырған Тіленді ата-баба рухына Құран бағыштап, әумин деп бет сипап, орнынан тұра бергені сол еді, Нұрғиса:

— Әйе, домбыра тартып берші. Кең далада қалай естіледі екен, соны тыңдайын деп едім, — деп қарап тұр.

Тіленді:

— Жоқ, балам, күн кешкіріп кетер. Үйімізге жете алмай қалармыз, — деп айтқысы кеп бір оқталды да, баласының алған бетінен қайтпайтынын, болмаса жылап қоя беретін еркелігін есіне алып, ол ойынан айныды. Бір жағынан баласының бетін қайтармайын деді ме, домбырасын қолына алды.

Кең дала. Айналаны жасыл желек көмкерген. Манаураған бөктер. Көк сеңгір аспанды көлеңкесімен көлегейлей торлап, жауынның хабаршысындай қаз бауыр бұлттар үйіріліп келеді.

Ауыздығы алынған ала байталдың шөпті бырт-бырт жұлып, құйрығымен маса-шыбынды сырт-сырт соға әлсін-әлсін пысқырынғаны, Көктұйғының арлы-берлі жүгіргендегі

ырсылынан өзге бөтен дыбыс жоқ. Айнала тыныш. Қыбыр еткен жан көрінбейді.

Біресе далаға, біресе баласына қараған Тіленді: «Енді қайттім?» дегендей, ойланып қалды. Мынандай иен далада домбыра тарту әдетінде жоқ-тын. Қай жайлау, қай қонысқа барса да көрі-жасы демей алдынан шығып, құрметтеп қарсы алушы еді. Тіленді сондай сәттерде ғана домбырасын қолына алатын. Өзінің терең ойға түсіп кеткенін енді сезгендей, қалбалақтап қалды. Нұрғиса болса: «Енді қашан?» дегендей, сұраулы жүзбен әкесіне сұғына карап тұр.

«Әй, осы тентектігің тегін емес-ау» деп іштей күбірлеген Тіленді ыңғайлана жайғасып, домбырасының құлақ күйін келтірді де, салалы саусақтарымен пернелерді тере жөнелді.

Күй мандайдан сипай желпіген тау самалындай майда-қоңыр үнмен басталып, бірте-бірте үдей түсті.

Бір қарағанда, күректтей ірі қолдың салалы саусақтары домбыраның мойнынан қылғындыра ұстағаны ұсқынсыздау көрінгенімен, пернелерді дәл басып, күй ырғағын сан құбылтады. Саусақтары бейне бір ылдидан шауып, өрге озған, еністен шауып төске озған жүйріктей көз ілестірмейді. Енді бірде жорғалай жөнеледі. Жорға жүрісте бас бармақ пен төрт саусақ қатар келгенде домбыра мойны көрінбей де қалады.

Япыр-ай, Тілендіге мұндай қасиет қайдан дарыды десенші. Ел сөзіне қарағанда, әкесі Атабай да аңшылығы мен ісмерлігіне қоса қолына домбыра ұстап, күй тартқан адам болыпты. Баласын да қасынан бір елі тастамай жүріп, өнерге баулыпты. Таспа тіліп, қайыстан қамшы өру мен күкірт пен бытырадан оқ-дәрі жасауға дейінгі сегіз қырлы өнер атаулы әкесі Атабайдан дарыған. Бойына сіңген өнерді Тіленді ешқашан бөліп жарған емес. Аңшылығы мен күйшілігінің, ісмерлігі мен зергерлігінің қай-қайсысын да қолға алмасын, шабыттана кірісіп, өзін де өзгені де сүйсіндіре тыңғылықты орындайды.

Өнерге құмарлық — өмірге деген құштарлық. Өлшеусіз тағдырының сыйы да осы — өнер. Патша заманында малдың соңында жүрді. Ендігі ісі — соңына саналы ұрпақ қалдыру. Өмірден көргені мен көкірегіне түйгенін ұрпағының санасына сіңіру. Өткен өмірінде небір қиын-қыстау жағдайды басынан кешірді. Халықты қынадай қырған жұтты да, ел басына күн